

*К. Охан, әскери және арнайы-тактикалық даярлық кафедрасының оқытушысы,
полиция аға лейтенанты
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНІҢ ЖӘНЕ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ЖАУЫНГЕРЛІК ДӘСТҮРЛЕРІ

Әскери доктринаға сәйкес, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың басты мақсаты-елді сыртқы агрессиядан және басқа да соғыс қатерлерінен қорғау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерінен туындайтын міндеттерді орындау. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері бейбіт кезеңде: әскери басқару органдарынан, әскердің түрлерінен, арнайы әскерлердің бөлімшелерін тыл және әскери оқу орындарын, әскери ғылыми мекемелерді қамтиды. Соғыс уақытында Қарулы Күштердің құрамына: Ішкі істер Министрлігінің, Ұлттық ұлан, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі әскерлері, Республикалық ұлан, Азаматтық және аумақтық қорғанысты басқару мен құру органдары кіреді.

Әскери доктринада Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардың бейбіт кезеңдегі міндеттері айқындалған:

– жауынгерлік әлеуетті, жауынгерлік және жұмылдыру даярлығын, басқару органдары мен әскерлердің әзірлігін бейбіт кезең штатына сай, төмен қарқынды әскери жанжалдарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасында немесе аумағының шегінде кез келген заңсыз қарулы күш көрсетуді тұмшалап, тойтаруды қамтамасыз ететін деңгейде ұстау;

– әуе кеңістігін күзету, сондай-ақ мемлекеттік шекараның жедел-стратегиялық тұрғыда маңызды учаскелерін бүркемелеу;

– аумақтық теңізде, құрлықтық қайраңдарды және Қазақстан Республикасының экономикалық аумағында Қазақстанның ұлттық мүдделерін қорғау;

– маңызды әскери мемлекеттік нысандарды (объектілерді) күзету;

– елдің кез келген ауданында жағдайды тұрақтандыру жөніндегі шешуші іс-қимыл әзірлігін көрсету;

– орта немесе жоғары қарқынды жанжалдың қатері туындаған жағдайда Қарулы Күштерді стратегиялық өрістетуге қамтамасыз ету;

– диверсиялар мен террористік актілерді болдырмау және олардың жолын кесу;

– Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелеріне сәйкес бітімгершілік, гуманитарлық және өзге де операцияларға қатысу.

Бұл міндеттерді шешуді қарулы күштер Қазақстан Республикасының басқа да әскерлерімен және әскери құрылымдарымен тығыз өзара іс-қимылмен жүзеге асырады. Бұл ретте Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне құрлықта, теңізде, көлдерде және өзге де су айдындарында мемлекеттік шекараны күзету мен қорғау, сондай-ақ терроризмге, қару мен есірткі контрабандасына қарсы күреске қатысу. Ал Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлеріне — экономиканың және инфрақұрылымның маңызды стратегиялық нысандарын күзету және аса қауіпті құқық бұзушылықтардың, диверсиялар мен террорлық актілердің жолын кесу, заңсыз қарулы құрылымдарға қарсы күреске қатысу жүктеледі.

Қазақстан Республикасының аумағында ықтимал ішкі қақтығыстар мен қарулы күрес құралдары қолданыла отырып, оның өмірлік маңызды мүдделеріне қатер төндіретін өзге де іс-әрекеттің алдын алу және тойтарыс беру мақсатында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлеріне мынадай міндеттер жүктеледі:

– қақтығыс ауданын оқшаулау мен қоршау;

– қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз ету және төтенше жағдайдағы құқықтық режимді қолдау;

– заңсыз қарулы құрылымдарды қарусыздандыру және жою, халықтан заңсыз сақтаудағы қаруды алу;

– аумақтық және азаматтық қорғаныс жоспарларына сәйкес жанжал ауданына жақын орналасқан аудандарда қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті күшейту;

– заңдылық пен құқық тәртібін қалпына келтіру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да міндеттерді шешу.

Қазақстан Республикасы қарулы күштеріне жүктелген міндеттерді шешу үшін әскердің ұрысқа әзірлікті төмендетпей, әскери бөлімшелер мен бөлімдер, бірлестіктердегі жеке құрамның жауынгерлік әзірлік бағдарламасы бойынша оқу жаттығуларын жетілдіріп, ұйымшылдықты, әскери тәртіпті барынша нығайту керек. Қазақстан Республикасы қарулы күштер шынайы халықтық сипатын сақтап, ТМД елдерінің Қарулы Күштерімен тығыз байланыста басқыншыны тежеудің бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтаудың сенімді факторы болуы тиіс.

Жауынгерлік дәстүрлер — бұл армия мен флотта жауынгерлердің ұрыстағы және әскери қызмет атқару кезіндегі тарихи тұрғыда қалыптасқан және ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын қағидалары, салттары мен мінез құлық нормалар.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік дәстүрлері — белгілі бір қоғамдық құрылыстан туындаған дәстүрлер. Қазақстанның Қарулы Күштері жауынгерлерінің маңызды жауынгерлік дәстүрлеріне: өз мемлекеті мен халқына берілгендік, басқыншыларға деген өшпенділік; күшіне сенімділік; армия мен флотқа сүйіспеншілік; әскери антқа, әскери бөлімнің жауынгерлік туына және әскери борышқа берілгендік; ұрыста жаппай ерлік көрсету; мықты әскери жолдастық, командирді құрметтеу және оны ұрыста қорғау; әскери шеберлікті жетілдіруге және әскери тәртіпті нығайтуға, жоғары қырағылықпен жауынгерлік әзірлікті сақтауға, саяси білім деңгейін жоғарылатуға үнемі ұмтылу; ТМД жауынгерлерімен жауынгерлік ынтымақтастық, интернационализм және ұжымшылдық сезімі егемен, демократиялық мемлекетті қорғауға дайындық жатады. Дәстүрлер бір сағатта және бос орында пайда болған жоқ.

